

## Үндістан Республикасының несиесін одан әрі пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 шілдедегі N 1109

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасы Үкіметінің арасында қол қойылған 1993 жылғы 23 шілдедегі Келісімнің шеңберінде Үндістан Республикасы берген несиенің бірінші траншын түпкілікті жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"Центркредит" Банкі ашық акционерлік қоғамымен соңғысының "Тағам" акционерлік компаниясының іс жүзіндегі жобалары бойынша негізгі борыш пен несиелік проценттерін өтеу жөніндегі міндеттемелерін қамтамасыз ету жөніндегі келісімді ресімдеуді аяқтасын;

Үндістан Республикасының Қаржы министрлігіне берілген несиенің бірінші траншы бойынша негізгі борыштың бірінші төлену мерзімін ұзарту туралы өтініш жасап хат жолдасын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі "Казах Аджанта фарма Лтд" қазақстан-үндістан кәсіпорнымен бірлесіп "Алматы қаласындағы фармацевтика заводының құрылысы" жобасын жүзеге асыруды аяқтасын.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорт-импорт банкі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен шетел несиесіне қызмет көрсету агенттік келісім жасасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Үндістан Республикасы несиесінің бірінші траншын оны одан әрі есепке алуы үшін мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш тізілімінде көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесе отырып Үндістан Республикасының Үкіметіне несиенің екінші траншын пайдаланудан бас тарту туралы ресми ұсыныс жолдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК